


Сабақ жоспарлау үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу.		Мектеп:
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні
Сынып: 8		Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері.	
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.1.3 параллелограмм анықтамасын білу. 8.1.1.4 параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану.	
Сабақтың мақсаты	1. Параллелограмм анықтамасын айқындау. 2. Параллелограммның қасиеттерін тұжырымдау. 3. Параллелограмм қасиеттерін қолдана отырып, есептер шығару.	
Бағалау критерийі	- Параллелограмм анықтамасын анықтайды. - Параллелограммның қасиеттерін тұжырымдайды. - Параллелограмм қасиеттерін ескере отырып, есептер шығарады.	
Тілдік мақсаттар	Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты: параллелограмм анықтамасын айтады. Параллелограмм қасиеттерін қорытып, тұжырымдайды. Параллелограмм қасиеттерін қолданып, есептер шығарады. Лексика мен сөз тіркестері: «Параллель түзулер», «үшбұрыштар теңдігінің белгілері», «кері теорема түсінігі», «төртбұрыш», «перпендикуляр», «периметр», «диагональ». Диалогқа қажетті тіркестер: Міндетті шешу үшін біз пайдаландық. Деректерді бейнелі көрсету үшін қолдануға болады. Егер ... , онда ол параллелограмм болады.	
Құндылықтарға баулу	Мәңгілік ел жалпыұлттық идеологиясына негізделіп шығармашылық сын тұрғысынан ойлайтын, дені сау, еңбекке қабілетті тұлға қалыптастыру.	
Пәнаралық байланыс	Сызудағы салу ережелерін қолдану, өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіру.	
Алдыңғы білім	көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын біледі. Көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формуларын қорытып шығарады.	


Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	<p>«Жүректен-жүрекке» оқушыларды жылы жүзбен қарсы алу, амандасу, жылы лебіздер айту.</p> <p>«Қима қағаздар» Қима қағаз таңдату арқылы топқа бөлу.</p> <p>«Ыстық орындық» әдісін оқушылардың өткен сабақта не білгенін, нені үйренгендігін білу мақсатында қолданамын.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көпбұрыш дегеніміз ... 2. Дөңес көпбұрыш дегеніміз ... 3. Көпбұрыш элементтері анықтамалары ... 4. Көпбұрыш ішкі бұрыштарының қосындыларының формулалары. 5. Көпбұрыш сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулалары. 	Түрлі-түсті қима қағаздар
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>«Конвер-сұрақ» әдісі. Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Әрбір топта өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындалады. Әрқайсысына екі минут береміз: топ стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі топқа беріледі, осылай тақырыпты ашқанша барлығы жауап береді. Стикерлерді жинап, сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. (Жаңа сабақты оқып, танысып, дәлелдейді.)</p> <p>Параллелограмм ережесі:</p> <p>Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш параллелограмм деп аталады.</p> <p>Параллелограммның бір төбесінен қарсы жатқан қабырғасына түсірілген перпендикуляр оның биіктігі деп, ал биіктігі түсірілген қабырға табаны деп аталады.</p>  <p>Параллелограммның мынадай үш қасиеті бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Параллелограммның қарсы жатқан бұрыштары тең; 2. Параллелограммның диагональдары 	«Параллелограмм анықтамасы мен параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару» тақырыбында ақпарат

қиылысу нүктесінде тең екі бөлікке бөлінеді.

3. Параллелограмның бір қабырғасына іргелес бұрыштарының қосындысы 180° -қа тең.

Параллелограмм қасиеттері



1) $AB = CD, AD = BC$

2) $\angle A = \angle C, \angle B = \angle D$

3) $AO = CO, BO = DO$

$\angle A + \angle B = 180^{\circ}$

1-тапсырма (Т) «Сәйкестендір» әдісі арқылы төртбұрыш түрлерін анықтамаларымен сәйкестіндіріп, атауларын жазу керек. Алдыңғы тақырыппен байланыстыра отырып, алған білімдерін нығайту.

		сыбайлас қабырғалары өзара тең тіктөртбұрышты
		барлық бұрыштары тік болатын параллелограм
		қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш
		барлық қабырғалары тең параллелограмм

Дескриптор:

- төртбұрыштар анықтамасын анықтайды;
- төртбұрыш түрлерін ажыратады;
- төртбұрыш атауларын жазады.

ҚБ: Бағдаршам түстері бойынша бағалау


2-тапсырма (Т) «Сызбамен жұмыс» әдісін ала отырып, кеңістіктегі төртбұрыштың

«Төртбұрыш ережелерін сәйкестендіру» үлестірмелі материал

түрлі-түсті дөңгелек кималар

кеспе қағаздар <https://bilimland.kz/ru>

қабырғаларының дәл орталарын қосқанда пайда болған төртбұрыштың параллелограмм екендігін дәлелдеу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.



Дескриптор:

- кеңістікте кез келген төртбұрыш салады;
- төртбұрыш қабырғаларының ортасын табады;
- төртбұрыш қабырғаларының орта нүктелерін қосады;
- төртбұрыш қасиеттерін тұжырымдайды.

ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.

3-тапсырма (Ж) «Сіз қаншалықты сенесіз?» тәсілі арқылы параллелограмм қасиеттері 1 сөзбен берілген, жанына дұрыс, теріс екендігін «+» таңбасымен анықтау керек. Берілген фигураларға қарап, параллелограммның қасиеттерін айқындай отырып, ойлау-қабілеттерін нығайту.



үлестірме материал

	Сұрақ	ия	жоқ
1	параллелограммның қарама-қарсы қабырғалары тең.	+	
2	Параллелограммның 2 доғал, 2 сүйір бұрышы болады.	+	
3	Параллелограммның барлық бұрыштары тік болады		+
4	Параллелограммның диагональдары қиылысады, қиылысу нүктесінде қаққа бөлінеді.	+	
5	Параллелограммның диагональдары өзара тең.		+
6	Параллелограммның	+	

	бір қабырғасына іргелес бұрыштарының қосындысы 180° -қа тең		
7	Параллелограмның бір қабырғасына іргелес бұрыштарының қосындысы 360° -қа тең		+
8	Параллелограмның ішкі бұрыштарының қосындысы 360° -қа тең.	+	

Дескриптор:


- берілген суретке қарап қасиеттерін реттейді;
- суретке қарап қасиеттерін ажыратады;
- берілген кесте бойынша қасиеттерін анықтайды.

ҚБ: «Бұрыштар» әдісі арқылы жұптар бірлесе орындаған жауаптарының қасына барады.

Сергіту сәті. «Денеміз параллель қозғалады». Денемүшелерін бүгінгі тақырыппен байланыстырып жаттығулар жасату арқылы, ой-өрістерін тереңдету.

4-тапсырма (Т) «Ойланып, суретке жауап береміз!» әдісі арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыра отырып, берілген суреттер бойынша, есептердің шешімін табу.

«Ойланып, суретке жауап береміз!» тақырыбындағы слайд



Дескриптор:

- 1-қасиеті бойынша, параллелограммның бұрышын табады.
- 2-қасиеті бойынша, параллелограмм диагоналін есептейді.
- 3-қасиеті бойынша, параллелограммның

	<p>ішкі бұрышын табады.</p> <p>ҚБ: «Егер 5 минутыңыз болса, ...» оқушылар тағы уақыт берілсе, жұмысты қалай жақсартатынын айтады. Өз-өздерін бағалайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы (13 мин)</p>	<p>«Фишбоун» талқылау тәсілімен сурет бойынша төртбұрыштар арасындағы байланыстарды айта отырып, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жасаймын.</p> <div data-bbox="544 488 1050 864" style="text-align: center;"> <p>Параллелограмм</p> <p>Тіктөртбұрыш деп аталады егер оның</p> <p>Ромб деп аталады егер оның</p> <p>Квадрат деп аталады егер оның</p> </div> <div data-bbox="496 869 1094 1317" style="text-align: center;"> <p>Қасиеттері, ережелері</p> <p>Шешу жолдары</p> </div> <p>Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі. Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды 2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім. 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды. 4. Төртінші саусақ – менің бағам , өйткені... 5. Шынашақ – Мен білгім келеді. 	<p>«Төртбұрыш» талқылау слайды</p>
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>


<p>«Дереккөздер» Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздерімен жұмыс істей алады</p> <p>«Диалог және қолдау көрсету» Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.</p> <p>«Қорытынды» Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.</p>	<p>Бағдаршам түстерімен жасаған жұмыстарына қарай бағалау</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.</p> <p>«Бұрыштар» әдісі арқылы жұптар бірлесе орындаған жауаптарының қасына барады.</p> <p>«Егер 5 минутыңыз болса, ...» оқушылар тағы уақыт берілсе, жұмысты қалай жақсартатынын айтады. Өз-өздерін бағалайды.</p>	<p>«Жүректен-жүрекке» оқушыларды жылы жүзбен қарсы алу, амандасу, жылы лебіздер айту арқылы көңіл-күйлерін көтеру.</p>
---	---	--

Сабақ жоспарлау үлгісі

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу.</p> <p>Күні:</p> <p>Сынып: 8</p>	<p>Мектеп:</p> <p>Мұғалімнің аты-жөн</p> <p>Қатысқандар: Қатыспағандар:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері.</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарлама сына сілтеме)</p>	<p>8.1.1.5 параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>1. Параллелограмм белгілерін тұжырымдау 2. Параллелограмм белгілері мен қасиеттерін салыстыру. 3. Параллелограмм белгілерін есеп шығаруда қолдану .</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>– параллелограмм белгілерін тұжырымдайды; – параллелограмм қасиеттері мен белгілерін салыстырады; – параллелограмм белгілерін ескере отырып, есептер шығарады.</p>

Тілдік мақсаттар	<p>Оқытудың пәндік және тілдік мақсаты: Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш ... деп атайды. Параллелограмм және оның қасиеттерімен танысады, дәлелдемелерді айтады. Параллелограммның қарама-қарсы қабырғаларының параллель екенін біледі.</p> <p>Лексика мен сөз тіркестері: «Параллель түзулер», «үшбұрыштар теңдігінің белгілері», «кері теорема түсінігі», «төртбұрыш», «перпендикуляр», «периметр», «диагональ айқыш бұрыш», «вертикаль».</p> <p>Диалогқа қажетті тіркестер: Міндетті шешу үшін біз пайдаландық. Деректерді бейнелі көрсету үшін қолдануға болады. Егер төртбұрыштың ... болса, параллелограмм болады.</p>
Құндылық тарға баулу	Мәңгілік ел жалпыұлттық идеологиясына негізделіп шығармашылық сын тұрғысынан ойлайтын, дені сау, еңбекке қабілетті тұлға қалыптастыру.
Пәнаралық байланыс	Есеп шығаруда, топқа бөлуде математикамен, суреттерді көркем еңбек, сызу, өмірмен байланыстыру.
Алдыңғы білім	Тіктөртбұрыш, шаршы, периметр, параллелограмм, параллелограммның қасиеттері.

Сабақ барысы


Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	<p>«Ыстық лебіз» оқушыларды бір-біріне жылы лебіз білдіріп, бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p> <p>«Түрлі-түсті таяқшалар» Таяқша таңдату арқылы топқа бөлу.</p> <p>«Құпия зат» (Параллелограмм туралы жалпы сипаттама). Параллелограмм анықтамасы мен қасиеттерін айта отырып, өткен сабақтағы білімдерін тексеру.</p> 	<p>түрлі-түсті таяқшалар</p> <p>«Құпия зат» слайды</p>
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>«ЖАДА» әдісі. Параллелограммның қасиеттерінің әрқайсысына кері сөйлемді өз беттерінше құрастырып, нәтижесінде параллелограмм белгілері деп аталатын теорема алады. Сұраққа топпен отырып жауап іздейді, талқылайды, жаңа тақырыпты бір-біріне түсіндіреді, дәлелдейді.</p> <p>1 белгі: (1 топ) Қарама-қарсы қабырғалары тең және қарама-қарсы бұрыштары тең болса, онда ол параллелограмм болады.</p> <p>2 белгі: (2 топ) Төртбұрыштың диагональдары қиылысып, қиылысу нүктесінде қаж бөлінсе, онда бұл төртбұрыш параллелограмм.</p>	үлестірме материал

3 белгі (3 топ)

Төртбұрыштың екі қабырғасы тең және параллель болса, онда бұл төртбұрыш параллелограмм болады.

1-тапсырма (Т) «Егер ... онда ...» белсенді әдісі арқылы төртбұрыш түрлерін анықтамаларымен сәйкестіндіріп, алдыңғы тақырыппен байланыстыра отырып, алған білімдерін тереңдету.

Егер төртбұрыштың екі қабырғасы тең және параллель болса, онда ол-параллелограмм



Егер төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан тең болса, онда бұл төртбұрыш-параллелограмм.



Егер төртбұрыштың диагональдары қиылысып, қиылысу нүктесінде тең екіге бөлінетін болса, онда ол-параллелограмм.




Дескриптор:

- параллелограмм белгілерін біледі;
- параллелограмм белгілерін сәйкестендіреді;
- параллелограмм белгілерін тұжырымдайды

ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.

2-тапсырма (Т) «Эйлер-Венн» әдісі. Тиісті тақырып астына өзіңіз білетіннің барлығын жазыңыз. Параллелограмм белгілері мен қасиеттерін салыстыра отырып, ойлау қабілеттерін дамыту.



Дескриптор:

- параллелограмм қасиеттерін анықтайды;
- параллелограмм белгілерін анықтайды;
- параллелограмм қасиеттері мен белгілерін салыстырады;
- параллелограммның ортақ сипаттамаларын жазады.


ҚБ: Басбармақпен өзара бағалау.

3-тапсырма (Ж) «Дизайн» әдісі арқылы орындалады шебер айшықты гүл құрақ құрамақшы болып 6 параллелограмм тәріздес бейнелер қиып алды, құрау барысында бір нүктеде түйсетін параллелограммның сүйір, толық бұрыштары қандай болуы керек?, 6 параллелограмм тәріздес бейнелердің тең екендігін дәлелдеу.

түрлі түсті кеспе қағаздар

«Вен диаграммасы» слайды

үлестірме материал, сурет



Дескриптор:

- төртбұрыш түрін анықтайды;
- төртбұрыштың қасиеттерімен байланыстыра отырып, белгілерін дәлелдейді;
- сүйір бұрышын табады;
- толық бұрышын табады.

ҚБ: «ТӨДК» әдісі арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. Толықтырады, өзгертеді, дамытады, күрделендіреді.

Сабақтың соңы (13 мин)

«Дамыту картасы» арқылы кері байланыс жасай отырып сабақты қорытындылаймын.

Не білемін?	Не білгім келеді?	Не білдім?

Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі. Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.

- 1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды
- 2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім.
- 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды.
- 4. Төртінші саусақ – менің бағам , өйткені...
- 5. Шынашақ – Мен білгім келеді.

үлестірме карточка

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?

Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

«Қарқын»
Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.
«Жіктеу»
Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құрады. (Талаптары әртүрлі оқушылар)
Қорытынды
Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да

Бағалау кезінде қалыптастырушы бағалаудың мүмкіндіктерін пайдаланамын. Мен сабағымда «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.
Басбармақпен өзара бағалау.

Сабақта қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жұмыс атқарады.

олардың нәтижелері әртүрлі болады.	«ТӨДК» әдісі арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. Толықтырады, өзгертеді, дамытады, күрделендіреді.	
------------------------------------	--	--

Сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар.		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8		Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасын а сілтеме)	8.1.3.6. тікбұрышты үшбұрышты 30^0 , 45^0 , 60^0 -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану.		
Сабақтың мақсаты	<p>Оқушылардың барлығы: 30^0, 45^0, 60^0 бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін табуды қолданады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: 30^0, 45^0, 60^0 бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін тұжырымдайды.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі: Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының қатынасын есеп шығару барысында меңгереді.</p>		
Бағалау критерийі	<p>30^0, 45^0, 60^0 –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін табады;</p> <p>30^0, 45^0, 60^0 –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін есеп шығару барысында қолданады.</p>		
Тілдік мақсаттар	<p>Пәндік және тілдік мақсат: Оқушылар тікбұрышты үшбұрыш, тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының қатынасы және сүйір бұрыштарының мәндері туралы талқылау.</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: Тікбұрышты үшбұрыш, синус, косинус, тангенс, котангенс, бұрыш, катет, гипотенуза, Пифагор теоремасы, сыбайлас жатқан қабырға.</p> <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: Тікбұрышты үшбұрыштың іргелес жатқан катетінің қарсы жатқан катетіне қатынасы ... Тікбұрышты үшбұрыштың қарама-қарсы катеттерінің қатынасы ... Тікбұрышты үшбұрыштың қарсы жатқан катетінің гипотенузаға қатынасы... Тікбұрышты үшбұрыштың іргелес жатқан катетінің гипотенузаға қатынасы...</p>		
Құндылықтарға баулу	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. Құндылықтарға баулу топта, жұпта, жеке жұмыста бұрыштардың синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін анықтауда, үшбұрыштың периметрлерін есептеуге арналған тапсырма арқылы іске асырылады.		

Пәнаралық байланыс	Информатика (ақпарат алу, ақпаратты іздеу, ақпаратты талдау, қабылданған ақпаратты есте сақтау, ақпаратты жеткізу, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуда). Алгебра (алгебралық есептеулерде, периметр табуда жүзеге асырылады).
Алдыңғы білім	Тікбұрышты үшбұрыш, сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі, Пифагор теоремасы және кері теоремасы.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар																				
Сабақтың басы	<p>«Жүректен- жүрекке» әдісімен сынып оқушылары бір-біріне жылы лебіздерін білдіре отырып, көтеріңкі көңіл-күй өзгерісін, белсенді ахуалын қалыптастыру.</p> <p>(Ұ) Ширату жаттығуы: «Допты лақтыру» әдісі арқылы өткен тақырыптағы білімдерін сұрақ қойып, еске түсіру арқылы ақпараттардың қажеттіліктерін анықтау.</p> <p>Мақсаты: Өткен сабақты қайталап, кері байланыс алу, қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ортаға салу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тікбұрышты үшбұрыштың косинусы дегеніміз не? 2. Тік бұрышты үшбұрыштың синусы дегеніміз не? 3. Тік бұрышты үшбұрыштың тангенсі дегеніміз не? 4. Тік бұрышты үшбұрыштың котангенсі дегеніміз не? 5. Пифагор теоремасын тұжырымдаңыз. 6. Тікбұрышты үшбұрыш деп қандай үшбұрышты айтамыз? 7. Тік бұрышты үшбұрыштың элементтерін атаңыз. <p>«Ширату» жаттығуы арқылы сабақтың оқу мақсатын ашу.</p>																					
Сабақтың ортасы	<p>«Bilimland» ақпараттық ресурс арқылы жаңа тақырыпты ашатын бейнеролик көрсетіледі.</p> <p>(Ұ) «Түртін алу» әдісін қолданып және бейнероликті көре отырып, ақпаратты меңгереді.</p> <p>Кестені толтырады, мәндерін табады.</p> <table border="1" data-bbox="312 1496 1018 1756"> <tr> <td></td> <td>30^0</td> <td>45^0</td> <td>60^0</td> </tr> <tr> <td>$\sin \alpha$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\cos \alpha,$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\operatorname{tg} \alpha$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$\operatorname{ctg} \alpha$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Мақсаты: Жаңа білімді саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрету.</p> <p>1-тапсырма. (Т) «Сәйкестендіру» әдісі арқылы мәндерін анықтайды, сәйкестендіреді, нақты жауабын табады, өз идеяларымен бөліседі.</p> <p>Қалыптастырылатын дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпаратты еске түсіру; 		30^0	45^0	60^0	$\sin \alpha$				$\cos \alpha,$				$\operatorname{tg} \alpha$				$\operatorname{ctg} \alpha$				<p>http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=10092</p> <p>«Сәйкестендіру» кестесі</p>
	30^0	45^0	60^0																			
$\sin \alpha$																						
$\cos \alpha,$																						
$\operatorname{tg} \alpha$																						
$\operatorname{ctg} \alpha$																						

- өз ойларын жинақтау және жазу.

Өрнектер	Мәні
$\sin 30^{\circ}$	$\frac{\sqrt{3}}{2}$
$\cos 30^{\circ}$	$\frac{\sqrt{2}}{2}$
$tg45^{\circ}$	$\frac{1}{2}$
$ctg30^{\circ}$	1
$\sin45^{\circ}$	$\frac{\sqrt{3}}{3}$
$ctg60^{\circ}$	$\sqrt{3}$

Бағалау критерийі:

- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерін анықтау;
- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерін сәйкестендіру;
- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерінің нақты жауабын айту.

Дескриптор:

- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерін анықтайды;
- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерін сәйкестендіреді;
- $30^{\circ}, 45^{\circ}, 60^{\circ}$ –тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсы мәндерінің нақты жауабын айтады.


ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.

(Ж) 2-тапсырма: «Қазына іздеу жолында» әдісі бойынша тапсырманың белгісіз элементтерін табу.

Қалыптастырылатын дағдылар:

- ақпаратты саралау;
- бірлескен жұмыс;
- ойлау, шешім қабылдау.

Үшбұрыштардың периметрін табыңыз.



$$x = \square \sqrt{2} \quad y_2 = \square \sqrt{3}$$

$$y_1 = \square \quad z = \square$$

$$P = x + y_1 + y_2 + z$$

$$P = \square + \square \sqrt{2} + \square \sqrt{3}$$

Бағалау критерийі:

- мәндер кестесін қолдану;
- белгісіз элементтерін табу;
- периметрін таба алу.

Дескриптор:

үлес-
тірме
матери
алдар

<http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=10092>
22-
жатты-
ғу


- мәндер кестесін қолданады;
- белгісіз элементтерін табады;
- периметрін таба алады.

ҚБ: «Серпілген сауал» тәсілі арқылы әр жұп бір-біріне кері байланыс жасайды.(... жауабын қалай толықтыруға болады?, ...пікіріне қосыласыздар ма?)

Тапсырманы орындау арқылы оқушылардың нәтижеге жетуін қолдау.

(Т) 3-тапсырма «Факт немесе пікір» әдісі.

Құс қандай биіктікте отыр?



Бағалау критерийі:

- мәндерінің кестесін пайдалану;
- Пифагор теоремасын қолдану;
- белгісізді табу.

Дескриптор:

- мәндерінің кестесін пайдаланады;
- Пифагор теоремасын қолданады;
- белгісізді табады.

ҚБ: «Егер 5 минутым болса...» әдісі арқылы әр топ өз ойларын ортаға салады, идеяларымен бөліседі, шешім қабылдайды, түзету жұмыстарын жүргізеді.

Қалыптастырылатын дағдылар:

- өзін-өзі дамыту,
- өз ойын сынып алдында қорғай білу,
- топ жұмысының нәтижесін көру,
- белгілеген мақсатқа қол жеткізу.

<http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=10092>
28-
жатты-
ғу

Сабақтың соңы

Қорытынды

«Бір минут» әдісі.

Мақсаты: Оқушылардың сабақта оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылар шеңбер бойымен тұрып бүгінгі өткен тақырыптар төңірегінде бір-бірлеріне сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылайды.

Рефлексия

БББ кестесін қолдану.

БББ тәсілін қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін сыни бағалауға, өзінің танымдық ойы туралы ойлауын дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

БББ кестесі үлес-тірме

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>1-тапсырма «Қарқын» тәсілі. Кейбір оқушылар басқаларға қарағанда жылдам жұмыс істейді. Ерте аяқтаған оқушылар қалғандарына көмектеседі.</p> <p>2-тапсырма « Қолдау » тәсілі Бір тапсырма беріледі, оны орындауда оқушылар мұғалім тарапынан әртүрлі қолдау алады.</p> <p>3-тапсырма «Нәтиже » тәсілі Берілетін тапсырма біреу. Оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.</p>	<p>-«Түртіп алу» әдісі -«Қазына іздеу жолында» әдісі -«Факт немесе пікір» әдісі - БББ кестесін</p>	<p>Қауіпсіздік техникасын ұстану, жарықтың дұрыс түсуі, баланың партада дұрыс отыруын қадағалау.</p>

Сабақ жоспары

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу</p>	<p>Мектеп:</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты жөні:</p>	
<p>Сынып: 8</p>	<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>

Сабақтың тақырыбы:	Трапеция оның түрлері мен қасиеттері.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.1.11 Трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: трапецияның барлық түрлерін атай алады, анықтамасын біледі және кескіндей алады; Басым бөлігі: сызбаны салмай тұрып, трапецияның түрлерін қабырғаларының сандық мәні бойынша ажырата алады; Көпшілігі: трапецияның қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарады, шығармашылық тапсырмалар орындайды. Практикалық тапсырма арқылы тұжырымдайды.
Бағалау критерийі	трапецияның анықтамасын біледі; трапецияның түрлерін ажыратады трапецияның қасиеттерін біледі.
Тілдік мақсаттар	Лексика мен сөз тіркестерінің мысалдарын қамтитын тілдік мақсаттар: Оқушылар трапецияның анықтамасын ауызша тұжырымдай біледі, түрлерін ажыратады,,трапеция қасиеттерін қорытып шығарады,есептер шығаруда қолданады. Пәнге қатысты лексика және терминология: «трапеция», «диогональ», «бұрыш» «биіктік», «трапецияның төбелері» «трапецияның қабырғалары», «тең бүйірлі трапеция» « тік бұрышты трапеция». Диолог/жазылымға қажетті сөз тіркестері: «тік бұрышты трапеция...», «теңбүйірлі трапеция деп...», «трапецияның табаны деп...», «трапецияның бүйір қабырғалары деп...»
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел»-идеясы негізінде қоғамымыздағы ұлттық бірлік,бейбітшілік пен келісім құндылығы арқылы азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Сызбаларды сауатты орындау арқылы сызу сабағымен байланысы,құрастыруға берілген тапсырмалар арқылы технология сабағымен байланысы
Алдыңғы білім	Параллелограммның,ромбтың анықтамасы және олардың қасиеттері мен белгілері

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ширату жаттығулары: «Ой түрткі» әдісі арқылы оқушылардың өз бетімен тақырыпты ашуға мүмкіндік туғызамын. 1.Трапеция қандай фигура? 2.Трапецияның анықтамасы қалай тұжырымдалады? 3.Трапецияның қандай түрлерін білесіндер? 4.Трапеция қандай қасиеттерге ие?	

Сабақтың ортасы

(Т) 1-тапсырма: «Идеал» әдісі арқылы жағдаят туғыза отырып трапеция анықтамасын қорытып шығаруға мүмкіндік беремін. Оқушылардың ілгерілеуін белгілеп отыру үшін олардың жауаптарын пайдаланамын.

(кеспе фигуралар)

«IDEAL» әдісі арқылы оқушыларға ақпарат беріледі.

I-мәтін мазмұнындағы керекті ақпаратты анықтау.


D-алған ақпаратқа түсінік.

E-дәлелдеу.


A-дәлдеу барысындағы әрекеттер.

L-қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.

S1=? S2=? S3=?



Стрәп=?



Қалыптастырылатын дағдылар:

- өзін-өзі дамыту,
- өз ойын сынып алдында қорғай білу,
- топ жұмысының нәтижесін көру,
- белгілеген мақсатқа қол жеткізу.

Бағалау критерийі: сызбаны салмай тұрып, трапецияның түрлерін қабырғаларының сандық мәні бойынша ажыратады;

Дескриптор:


- фигуралардың түрін анықтайды;
- трапецияның қасиеттерін қолданады;
- трапецияның анықтамасын қорытып шығарады.

ҚБ: түрлі-түсті смайликтер

Кері байланыс:





- 1) трапецияның қасиеттері бойынша диагоналін сыз
- 2) трапецияның бұрышын қалай табасын?

2 тапсырма: (Ж) «Көршіңмен бөліс.» алдыңғы жұмысты бекіте отырып терең игеру мақсатында сызба есептерін беру арқылы трапеция түрін анықтайды. Тұжырымдау барысында берілген тапсырма бойынша шарт құрып, есептер шығару дағдыларын қалыптастырады.



слайд
«Фигурала
р»

ActivStudio
бағдарлама
сында
флипчарт
«Фигурала
р»



Қалыптастырылатын дағдылар:

- ақпаратты саралау;
- жеке жұмыс;
- ойлау, шешім қабылдау

Бағалау критерийі: - трапецияның қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарады, шығармашылық тапсырмалар орындайды

Дескриптор:

трапеция өлшемдерін бірлік торкөзде анықтайды.

трапецияның қасиеттерін анықтайды;

сызба бойынша трапецияның түрін ажыратады.

Кері байланыс

Трапеция түрлеріне қарай қалай бөлінеді?

Дөңес трапецияға жататын фигураларды атаңыз?


Қандай фигура тік бұрышты трапеция деп аталады?

Тең бүйірлі трапеция туралы не білесіз? Түрлері мен қасиеттерін тұжырымдаңыз.


ҚБ: оқушыларды мадақтау (дұрыс, жарайсын, өте жақсы...)

(Ж) 3-тапсырма: «Сұрыптау жаттығуы» әдісі.

1. 9.5-суретте берілген үш төбесі бойынша теңбүйірлі трапецияны салындар.




а)




ә)

9.5-сурет

2. 9.6-суретте берілген үш төбесі бойынша тікбұрышты трапецияны салындар.



а)



ә)

9.6-сурет

Оқушылар өз жұмыстарын өздері сипаттап, жақсарта алуы үшін талқылауға мүмкіндік береді;

оқушыларға не білгені туралы ойлануына уақыт береді.

Қалыптастырылатын дағдылар:

ақпаратты еске түсіру;

өз ойларын жинақтау және жазу

Бағалау критерийі: сызбаны салмай тұрып, трапецияның түрлерін берілген үш төбесі бойынша тік не теңбүйірлі екендігін

Геометрия
оқулық 8
сынып.
2018 жыл
Шыныбеков
В

ажыратады;

Дескриптор: Білім алушы


- тікбұрышты трапецияның сызбасын салады;
- трапецияның қасиеттерін қолданады;
- белгісіз үш төбесін табады.

ҚБ: «-» «+» қызықты жұптар бірін –бірі тексереді

Кері байланыс: Тізбектелген сұрақтар арқылы жүзеге асады.

(О Т) 4 тапсырма: Практикалық тапсырма (қыздар, ұлдар тобы)

«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі арқылы оқушылар топтық білімді жинақтау, ынтымақтаса жұмыс жасай отырып өз ойларын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге ықпал ету мақсатында топта тапсырманы орындайды.



Қалыптастырылатын дағдылар:

- өзін-өзі дамыту,
- өз ойын сынып алдында қорғай білу,
- топ жұмысының нәтижесін көру,
- белгілеген мақсатқа қол жеткізу.

Бағалау критерийі: - трапецияның қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарады, шығармашылық тапсырмалар орындайды

Дескриптор:

юбка (шатыр) ұзындығын өлшейді.

кіші табан, үлкен табан және биіктігін анықтайды.

суретке қарап қасиеттерін ажыратады.

ҚБ: «Бағдаршам түстері» бойынша бағалау

Кері байланыс: 1. берілген суретке қарап қандай қасиетін көріп отырсыздар 2. суретке қарап қасиеттерін ажыратып беріңіздер. берілген сызба бойынша қасиеттерін анықтаңыздар.

Сабақтың соңы

Қорытынды: «Менің трапециям» шағын эссе арқылы. Трапеция түрлері, қасиеттері туралы түсініктерін қорытындылау үшін бағаланады

Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі. Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.

	<p>1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды 2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім. 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды. 4. Төртінші саусақ – менің бағам , өйткені... 5. Шынашақ – Мен білгім келеді. Үйге тапсырма: № 7,8 40 бет «Күнделікті математика» Қыз балаларға –юбка үлгісін модельдеу, жасау Ұл балаларға-үй шатырын жабуға арналған материал шығынын есептеу</p>	
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>1 тапсырма «Қарқын» тәсіл Оқушыларға болжам жасауға ,өз ойын құруға ,оны қорғауға және сынақтан өткізуге уақыт беремін.Оқушыларға бірін –бірі оқытуға мүмкіндік беремін. 2 тапсырма «Диалог және қолдау көрсету» саралау әдісін қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады. 3 тапсырма «Дереккөздер» әдісімен басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істейтін оқушыларға қосымша таратпа немесе электронды материалдар беремін. Тапсырма. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай тапсырмаларды күрделіге қарай ілгерілеп отыратын тапсырмаларды пайдаландым. 4 тапсырма «Жіктеу» саралау әдісіне Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құрады. (Талаптары әртүрлі оқушылар) Қорытынды Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.</p>	<p>«Түрлі-түсті смайлик» арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Бірін-бірі бағалау арқылы жұптар бірлесе орындаған жауаптарының қасына барады. Бағдаршам арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. «-» «+» қызықты жұптар бірін –бірі тексереді, оқушыларды мадақтау (дұрыс, жарайсың, өте жақсы...)</p>	<p>Тапсырма орындау, қағаздар қима барысында қайшымен жұмыс қауіпсіздігін сақтай отырып орындау.</p>

Қысқа мерзімді жоспар

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 1.Геометриялық фигуралар туралы түсінік</p>	<p>Мектеп:</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты – жөні :</p>	
<p>СЫНЫП: 8</p>	<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Үшбұрыштың орта сызығы</p>	
<p>Оқу мақсаттары</p>	<p>8.1.1.12 Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және</p>	

	қолдану	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдейді және қолданады.	
	Оқушылардың басым бөлігі: Үшбұрыштың орта сызығының қасиеттерін қолданып білімдерін кеңейтеді.	
	Кейбір оқушылар: Үшбұрыштың орта сызығы бойынша тұжырымға келеді.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдейді. - үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданады. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқытудағы тілдік мақсаты: үшбұрыштың орта сызығының қасиетіне қатысты сөз тіркестерін пайдаланып түсіндіріледі.</p> <p>Пәнге тән лексика мен терминология: үшбұрыш, үшбұрыштың түрлері, кесіндінің ортасы, кесінді, параллель түзулер.</p> <p>Диалог пен жазу үшін пайдаланатын сөздер мен тіркестер: екі қабырғасының ортасын қосатын кесіндіні..., үшбұрыштың орта сызығы үшбұрыштың үшінші қабырғасына....</p>	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» идеясының тарихты, мәдениетпен тілдің біртұтастығы құндылығын баланың бойына дарыту.	
Пәнаралық байланыс	Бейнелеу өнері: тапсырма орындағанда үшбұрыш суретін салу Физика: үшбұрыштың ауырлық центрі	
Алдыңғы білім	Параллель түзулер, бұрыштар, үшбұрыштар және үшбұрыш теңдігінің белгілері	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс – әрекет	
	Ресурстар	
Сабақтың басы	<p>Оқушылармен сәлемдесу «Бір қадам алға...» әдісі бойынша сұрақтар қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үшбұрыш қабырғаларына қарай неше түрге бөлінеді? 2. Тік бұрышты үшбұрыш тең бүйірлі үшбұрыш болуы мүмкін бе? 3. Үшбұрыштың неше медианасы бар? 4. Үшбұрыштың периметрі неге тең? 5. Кесіндінің ортасын қалай табамыз? <p>Үш топқа бөлу: Үш түрлі түсті түрлері беріледі: тең бүйірлі үшбұрыш, тең қабырғалы, үшбұрыш әртүрлі қабырғалы үшбұрыш, таңдаған түрлі түсті үшбұрыштар арқылы үш топқа бөлінеді.</p> <p>«Ширату жаттығулары» әдісі арқылы оқушылар алдыңғы білімімен бүгінгі сабақты ұштастырып оқу мақсатын ашады.</p> <p>Әр топ өзіне берілген үшбұрыштармен жұмыс жасайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үшбұрыштың қабырғаларының ортасы болатын нүктені тауып, оны қосыңдар. 2. Үшбұрыштың орта сызығы деп қандай кесіндіні айта аламыз. 3. Берілген үшбұрыштың қабырғалары мен орта сызығын өлшеп алыңдар. 4. Не байқадыңыз? Қандай қасиеті туындайды? 5. Үшбұрыштың қандай түрі болмасын оның орта сызығы анықтамасы ортақ бола ма? 	<p>Слайд, интербелсенді тақта</p> <p>Үш түрлі түсті үшбұрышты қағаз қиындылары</p>

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Bilimland ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты, оқу мақсатын ашатын бейнебаян көрсетіледі. Оқушылар «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өзіне қажетті мәліметті, ақпаратты жазып алады.</p> <p>Теорема 1. Үшбұрыштың орта сызығы үшбұрыштың үшінші қабырғасына параллель және оның жартысына тең.</p> <p>(Ж,Т) 1- тапсырма: «Ойлан тап» әдісі бойынша тапсырма беріледі.</p> <p>Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, шешім қабылдау, креативтілік.</p> <p><i>Тең бүйірлі ABC үшбұрышының AB және BC қабырғалары тең. ED орта сызығы AC қабырғасына, ал DF орта сызығы AB қабырғасына параллель. BED және DFC үшбұрыштарының тең екенін дәлелдеңдер.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - есептің берілгеніне байланысты шартын құрады; - шарты бойынша сызбасын сызады; - үшбұрыштың орта сызығының қасиеті бойынша үшбұрыштардың тең екенін дәлелдейді <p>ҚБ: «Жұлдызша» әдісі бойынша бағаланады. Дұрыс жауап – үлкен жұлдызша, маңызды емес қатесі бар – орташа жұлдызша, қатесі бар – кішкене жұлдызша.</p> <p>«Неліктен» сұрақтар әдісі. Мұғалім меноқушыарасында кері байланыс орнайды.</p> <p>(Т) 2- тапсырма: «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс (оқушыларға оқулықтағы мәтін бөліп беріледі, мәтінді оқып топ ішінде талқылайды, постер жасап тақтаға шығарады)</p> <p>Қалыптасатын дағды: ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, шешім қабылдау, проблеманы шешеді, креативтілік.</p> <p><i>ABC үшбұрышы берілген. E – AC қабырғасының ортасы, F – BC қабырғасының ортасы. AB=12 дм болса, үшбұрышының EF орта сызығын тап.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Есептің берілгеніне байланысты шартын құрады; 2. Есептің шарты бойынша сызбасын сызады 3. Үшбұрыштың орта сызығын табады <p>ҚБ: «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі</p> <p>(Ж,Т) 3- тапсырма: «БФЕ» белсенді әдіс арқылы оқушылар ақпаратты басқарады, бірлескен жұмыс, ойлау, шешім қабылдау, проблеманы шешеді, креативтілік.</p> <p><i>Тұмар-халқымыздың ұғымында киелі мағынаға ие болған құнды дүние. Сан ықылым заман бұрын алысқа сапар шеккенде, соғыс жорықтарына аттанғанда бабаларымыз мал терісінен үшбұрыш етіп тігілген қалташыққа туған жердің топырағын толтырып алып шыққан. Соны тұмар деп атаған. Туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парыздың белгісі болса керек. Осы бойтұмардың ауырлық центрін тап. Бойтұмар тең қабырғалы үшбұрыш. Қабырғалары 4 см.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. есептің мәтінімен танысады 2. Есептің шартын жазады 3. Сызба жұмысын орындайды; 4. Медиананың қиылысу нүктесін табады; 5. Есептің жауабын анықтайды <p>ҚБ: «Бағдаршам» оқушылардың өздерінің қаншалықты түсінгенін</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/</p> <p>Үлестірме тапсырмалары</p> <p>http://www.okulyk-edu.kz/show/list/ocenka-book/208</p>
-------------------------------	--	---

	көрсетудің жылдам тәсілі. Оқушыларға қызыл, сары және жасыл түсті карточкалар беріледі.	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды "Бес саусақ" әдісі. Оқушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету. Балалар паракқа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Бас бармақ"-басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. "Балалы үйрек"-бірлесу. қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым? 3. "Ортан терек"-ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым? 4. "Шылдыр шүмек" - шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5. "Кішкентай бөбек"-көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? 	<p>Интербелсенді тақта</p>
<p>Саралау – Сіз оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>1-тапсырма: Тапсырма – Білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар беріледі. Оқушылардың қажеттілігіне қарай көмек беру немесе күрделі тапсырма беріп, дамыту 2-тапсырма: Қарқын тәсілі – Кейбір оқушылар тапсырманы жылдам орындайды, қосымша тапсырма беріледі, қолдау көрсетіледі. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі. 3-тапсырма: Диалог және қолдау көрсету – Сөзбен қолдау көрсету және ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтар қояды.</p>	<p>ҚБ :«Жұлдызша» әдісі ҚБ : «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі ҚБ :«Бағдаршам»</p>	<p>Топтағы жұмыстарда оқушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін сақтау. Сабақ барысында түзу және тік отыруларын қадағалау, әрбір оқушының қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауына мән беру.</p>

Сабақ бойынша рефлексия	
Жалпы бағалау	
Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?	
1:	
2:	
Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?	
1:	
2:	

Сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар.		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні	
Сынып: 8		Қатысқандар:	Қатыспағандар:
		:	
Сабақтың тақырыбы	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30° , 45° , 60° -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану		
Сабақтың мақсаты	<p>Оқушылардың барлығы: тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30°, 45°, 60° бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін қолданады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: тікбұрышты үшбұрыштың белгісіз элементтерін табу үшін 30°, 45°, 60° бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін пайдалану аясын кеңейтеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі: тікбұрышты үшбұрыштың элементтері арасындағы байланысын анықтайды.</p>		
Бағалау критерийі	<p>– 30°, 45°, 60°-тағы бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі, котангенсі мәндерін тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін қолданады;</p> <p>– тікбұрышты үшбұрыштың берілген элементі бойынша қалған бұрыштары мен қабырғаларын табады.</p>		

Тілдік саттар	<p><u>Пәндік және тілдік мақсат:</u> Оқушылар тікбұрышты үшбұрыш, тікбұрышты үшбұрыштың элементтері, яғни қабырғалары, сүйір бұрыштарының мәндері туралы талқылау.</p> <p><u>Пәнге қатысты лексика мен терминология:</u> Тікбұрышты үшбұрыш, сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі, котангесі, Пифагор теоремасы және оған кері теорема.</p> <p><u>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:</u> Тікбұрышты үшбұрыштың іргелес катетінің қарсы жатқан катетке қатынасы ..., тікбұрышты үшбұрыштың қарсы жатқан катетінің іргелес катетке қатынасы ..., тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы..., тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына іргелес жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы....</p>
Құндылықтарға баулу	«Қазақстанның тәуелсіздігімен Астана» идеясы бойынша оқушылардың бойына патриоттық, адамгершілік, өзара сыйластық қарым-қатынастарды дамыту.
Пәнаралық байланыс	Сызудың техникалары және оларды рәсімдеу ережелері. Информатика (ақпарат алу, ақпарат іздеу, ақпаратты өңдеу, ақпаратты талдау, қабылданған ақпаратты есте сақтау, ақпаратты жеткізу, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту).
Алдыңғы білім	Тікбұрышты үшбұрыш, сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі, котангесі, Пифагор теоремасы және кері теоремасы.



Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурс
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: оқушы зейінін шоғырландыру.</p> <p>Ширату жаттығуы: "Қазына іздеу жолында" әдісі бойынша сабақ тақырыбына қатысты ақпараттар жасырылады. Оқушылар жасырылған ақпараттарды табуы керек. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, тақырыпқа қатысы жоқ ақпарат қосып, оқушылардан оларға қажетті және қажет емес ақпаратты ажырату сұралады.. Оқушыларға берілетін ақпараттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына іргелес жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы сүйір бұрыштың косинусы деп аталады . 2. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы сүйір бұрыштың синусы деп аталады. 3. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катеттің іргелес жатқан катетке қатынасы сүйір бұрыштың тангенсі деп аталады. 4. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына іргелес жатқан катеттің қарсы жатқан катетке қатынасы сүйір бұрыштың котангенсі деп аталады. 5. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының қосындысы 90°-қа тең. <p>Осы ақпараттардың қажеттілерін таңдау арқылы жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.</p> <p>Мұғалім ОМ таныстырады.</p>	Слайд «Сұрақтар»

Сабақтың ортасы

(Т) Жаңа материалды меңгеру. Оқулықпен жұмыс. "Мозайка"

әдісі: Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасайды. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылайды, идеялармен бөліседі, ынтымақтастықты дамытады.



$$\sin 45^\circ = \cos 45^\circ = \frac{a}{a\sqrt{2}} = \frac{1}{\sqrt{2}} = \frac{\sqrt{2}}{2}$$

$$\tan 45^\circ = \cot 45^\circ = \frac{a}{a} = 1.$$


$$\sin 30^\circ = \cos 60^\circ = \frac{a}{2a} = \frac{1}{2}$$

$$\sin 60^\circ = \cos 30^\circ = \frac{a\sqrt{3}}{2a} = \frac{\sqrt{3}}{2}$$

